



# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Турбулентті онжылдықтар





**Дәрістің мақсаты:** соғысаралық кезеңдегі экономикалық дағдарыс пен оның салдарлары, соғыстың алғышарттарын талдау.

**Кілт сөздер:** автаркия, демографиялық өткеру, Гомиьндан, коммунизм, модернизм, Жаңа экономикалық саясат, фашизм, нацистер.

Кейбір тарихшылар 1914 жылы басталған кезеңді «қысқа XX ғасыр» деп атайды. Шын мәнінде соғыс Жаңа заман кезеңінің бетбұрысты пунктерінің біріне айналды. Ол қазіргі әскер, бюрократиялық аппарат және басқа да ғылым игіліктерімен қамтылған мемлекеттің талқандаушы мен мобилизациялық қарқынын байқатты. Дегенмен ол соғысқа дейінгі саясат пен мәдениеттің көрінісі ретінде викториандық кезеңнің құндылықтарын сынау үшін қажетті жағдайлар жасады. Соғыспен бірге жаңа және соңғы еуропалық отаршылдық тарихындағы кезең басталды.

Осы және келесі дәрістерде біз соғысаралық онжылдықтар туралы сөз қозғаймыз. Біз негізгі демографиялық пен интеллектуалдық тенденциялар, либерализм, альтернативті саяси доктриналардың қалыптасу процесін сипаттап, отарлық иеліктердің метрополиялармен өзара қарым-қатынастарындағы өзгерістерді қарастырамыз. Біз дәрісті 1929 жылғы Әлемдік дағдарыстың себептері, барысы мен тікелей салдарларын талдаумен аяқтаймыз. Осы кезеңді талдаудың біз үшін маңызы зор. Себебі осы кезеңде екінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары қалыптасты.

1918–1920 жылдары Бірінші дүниежүзілік соғыс пен тұмау індеті бірігіп, шамамен елу алты миллион адамның өмірін қиды. Бұл 1910 жылдағы дүниежүзі халқының 3,2%-ы. Тек бес жыл ішінде соғыс қимылдары, бомба, аштық және аурудан көп адам қаза тапты. 1700 жылдан бері күрт өскен жаһандық халық санының өсуіне ықпал етпеді. 1910–1920 жылдары дүниежүзінде халық саны шамамен 3%-ға артты. Ал 1920–1940 жылдары жер бетіндегі адам саны 410 миллионнан асты. Бұл үрдіс дүниежүзіндегі азық-түлік өндірісі және экономикалық теңсіздік проблемаларымен тығыз байланысты.

Соғыс, оған ілескен тымаудың пандемиясы, бұрыңғы Ресей империясының аумағындағы аурулар және аштықпен қатар жүрген азаматтық бүлік әлемдік халықтың кем дегенде 4%-ы өлу себебіне айналды. Жоғары табиғи өсімнің арқасында оның саны тез қалпына келіп, адам саны 1927 жылы 2 миллиардқа жетті.

Дегенмен соғыс демографиялық ахуалдың территория бойынша өзгеруін білдірді. Мысалы, егер Еуропада Ресейді қосқанда 1913 жылы әлем халқының 28% болса, 1950 жылға таман бұл пайыз 22%-ге төмендеді (қазіргі уақытта Еуропа мен бұрыңғы Кеңес одағы елдерінің аумағында халықтың шамамен 12%-ы тұрады). Ал Азия, Латын Америкасы мен Африканың демографиялық үлесі өсті.

Еуропалық халық үлесінің азаюы өлім көрсеткіштерінің төмендеуінен және адам туу деңгейінің төмендеуінен болды. Өз кезегінде еуропалықтардың туу деңгейінің төмендігі әлемдік соғыс нәтижесіндегі ұзақмерзімдік пен уақытша құрылымдық өзгерістердің комбинациясымен негізделді. Ұзақмерзімдіктің қатарына индустриализация, урбанизация мен онымен байланысты өндіріс пен тұтыну тәжірибесіндегі өзгерістерді жатқызуға болады. Халық өсуінің қарқынына өз үлесін қосқан уақытша құбыластардың қатарына 1919 жылдан кейінгі кенеттен болған ұзақ және ауыр тиген экономикалық қалпына келуді бөліп атап өту қажет. Жаңа шарттарға бейімделу тәжірибелері отбасы туралы және жекелей алғанда ондағы әйелдің рөлі туралы түсініктердің өзгерісінде көрініс тапты.

Дүниежүзі халқы санының аймақтарға шаққандағы өзгерісі, 1913–1973 жылдар. Африка, Азия және Латын Америкасындағы халық санының өсу көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары болып қала берді. Төмен өсім көрсеткішіндегі аймақтардың үлесі қысқарды.

XX ғасырдың басында адамдар шынайылықтың құрылымы мен қасиеттері туралы өз фундаменталдық болжамдарын қайта қарау қажеттілігімен бетпе-бет келді. Коммуникацияның жаңа құралдары арқылы таралған ғылым парадоксалдық бақылауларды біртұтастыққа біріктіретін эмпирикалық материал мен теоретикалық негіздемені де берді. Ньютондық механиканың орнына келген кванттық физика материяны белгілі бір энергияның формасымен



теңестірді; материя сезімтал, абстрактылы, иілгіш және қауіпті болып, өзінің тыныштандыратын қаттылығынан айырылды. Заттардың категорияларын бір-бірінен бөліп алатын шегаралар ғаламшарға тән рационалдылықтың көрінісі сияқты еді. Аяқастынан, бір уақыттағы ұстанымдардың орнатылуы мүмкіндігі мен субатомдық бөліктердің жылдамдығы мүмкін еместігін бекіткен белгісіздік қағидасының пайда болуымен байланысты концепциялар, категориялар мен концепцияаралық айырмашылықтар туындайтын перспективаға – ғылыми болсын, мәдени негізделген және сәйкесінше үмітсіз шектелген жағдайға айналды.

Мұндай жағдайда ғылым адамзат тәжірибесін сыни талдаудың ұмтылыстарын санкциялай алды. Бұған қозғаушы күш болып барлығы үшін белгілі бір зақым немесе шок, яғни адам ойламаған көлемде қайғы әкелген соғыс болуы мүмкін. Академизм, реализм мен натурализм ережелерін кейін тастаған көркемдік бейнелеудің формалары бүлікшілден үстемдік құрушыға айналды. Соғысқа дейін түстің ішкі сезімтал табиғаты туралы тезис ұсынған Кандинскийден кейін Пикассо шықты. Ол кеңістік пен денені субъективті қабылданатын құрамдас бөліктерге бөлді. Әдебиетте классикалық Флобер мен Толстойдың романының орнына Пруст пен Джойстың «сана ағыны» келді. Философтар рационалдылықты ескішілдік деп шегеріп, жекелеген санадағы және тұрмыстағы интуитивті, иррационалдық немесе рационалдықтан жоғары элементтерге мән берді. Зигмунд Фрейд сананың рөлі туралы жұмысты жалғастыра отырып, зорлық қоғамның жасырын, санадан тыс импульстері, тілектері мен терең қорқыныштарын басудың нәтижесі болып табылады. Оған көбінесе соғыстан кейінгі этнографтар мен антропологтар қолдау көрсетті. Олар Маргарет Мидтың ізімен Полинезия аралдарында үйлесімділік пен қарым-қатынастар еркіндігінің оазистерін тауып, Лусьен Леви Брюльмен бірге «қарапайым», «логикалыққа дейінгі» ойлау формаларын қалпына келтірді.

XIX ғасыр соңында жылдамдай түскен ғылыми ашылымдардың қарқыны, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, бұрынғыдан да жеделдей түсті. Физика, химия және биологиялық теориялардың прогресі үдемелі үрдіс алды – мұнда шағын серпін, тағы бір серпін келесі жерде жасалды. Дегенмен физикада 1900–1930 жылдары Еуропадағы ғалымдардың жұмысы адамзат баласының шынайы өмір туралы тұжырымын түбегейлі өзгерте бастаған теориялық сілкініс жасады. XVII және XVIII ғасырдағы Исаак Ньютон мен өзге де данышпандар белгілі бір тәртіпке бағынған, тұрақты және нақты математикалық терминдермен айқындалатын, болжаулы заңдылықпен реттелген ғарыш жайында ойлана бастады. XIX ғасыр соңында, араларында неміс физигі Альберт Эйнштейн бар, дарынды ойшылдардың шағын тобы ғаламды талдай бастады. 1905 жылы Эйнштейн салыстырмалы теориясын таныстырып, ғаламда кеңістіктік және хронологиялық кесте жалғыз емес екенін математикалық тұрғыда паш етті. Дұрысында, уақыт пен кеңістік жеке дара салыстырмалы немесе оларды объект (нысан) өлшейді. Мысалы, ауырлық күші уақыт ағымына әсер ететіні соншалық, планетаның тартылыс күшінен алыс ғарыштағы сағат жер бетіндегі уақыт көрсеткіштеріне қарағанда, тез жүретін болады.

Соғыстың аяқталуы, кейінірек КСРО-ның құлауы либерализм мен либералдық демократиялардың орнығуын білдіру керек еді. Бір Еуропаның өзіндегі республикалардың саны 1914 жылдағы 3-тен 7 жылдан кейін 12-ге дейін өсті. Жаңа конституциялар халықтың барлық бөліктеріне құқықтар беруде және әлдеқайда репрезентативті парламенттерді құруда жарысты. Мысалы, әйелдер барлық жаңа республикаларда дауыс беру құқығына ие болды.

Эйфорияның уақыты ұзаққа созылмады. Экономикалық қалпына келумен байланысты қиындықтар әлсіздіктің дәлелі немесе соғыстан кейінгі қауіптерінің алдындағы демократиялық институттарының дәрменсіздігі ретінде қабылданды. Көптеген көңілі қалған замандастардың көзқарасындағы «ұжымдық ерік» фракция аралық пікірсайыстарда, тұрақты министрлік дағдарыстар мен бітпейтін сайлауларда көрініс таппады. Мықты атқару билігіне ие режимдер сыйымды болып қаралды. Тек осындай режимдердің қандай әлеуметтік негіздері және ақырғы қандай ниеттері болды? Бұл мәселе соғысаралық кезеңде өткір тұрды, либерализмге альтернатива солы мен оңынан да ұсынылғаны игілікті болды.

Кеңес Одағы радикалдық, сонымен қатар, либералдық үлгіге нақты «солшыл альтернативаны» білдірді. Азаматтық соғыстан жеңімпаз болып шыққан большевиктік теорияда бірауыздықта болды: елге өмір сүруі және революцияның одан арғы экспорты үшін де терең индустриализация қажет болды. Тәжірибе жүзінде басым жағдайда аграрлық қоғамның шынайылықтарымен жанасуда бұл бірауыздылықтан еш нәрсе қалмады. Бірі ауыр индустрияның тоқтаусыз және



жылдамдатылған құрылысын қолдады; басқалары шаруалардың мүмкін деген реакциясына сүйеніп, әлдеқайда ұстамды экономикалық реттелген дамуды ұсынды.

1921 жылы Жаңа Экономикалық саясатты (ЖЭП) ұсынған Ленин, компромисс табуға тырысты: шаруаларға өз еңбегінің артығын сатуға рұқсат берілді, яғни маңызды ескертпемен, яғни олар жақын перспективада индустрияны дамыту үшін қаржыландыру көзіне айналуы тиіс деген ескертпемен жеке кәсіпкерлікпен айналысуға болады. Лениннің өлімімен пікірталастар жаңа күшке ие болып, партия көсемінсіз қалған елде қай даму үлгісі болатыны биліктің бөлінуіне байланысты еді.

Ұстанымдар мен ішкі партиялық фракциялар арасындағы шебер ойнай алудың арқасында 1927 жылға таман даулардан жеңімпаз болып Партияның Бас хатшысы Иосиф Сталин шықты. Бұрын ЖЭП-тық жақтаушысы болған ол бұл бағдарламаның тоқтатылатындығы және «жаңа бетбұрыстың» кез келген жолмен қарқынды индустриализация туралы жариялады.

Сталин Ресейді бірінші дәрежелі өндірістік державаға айналдыруды қалады. Ол тек түсімді ойлаған шаруалар жерден емген мол байлықты индустриалдық пролетариатқа беруде қымқырып қалады деп есептеді. Жедел индустриаландыру – ұлттық мақсаттарды қалпына келтіріп қана қоймай, сондай-ақ, Ұлы соғыс кезіндегі Германия секілді, Ресей аймағын кез келген шетелдік мемлекеттің басқыншылығынан алдын ала сақтайтын болады деп атап көрсетті. Сталин қысқамерзімді мақсат болуы тиіс жедел халықаралық жұмысшы революциясынан гөрі, «социализм жеке мемлекетте» деп мәлімдеп, коммунистік идеологияны ресейлік национализммен күшейтті.

Бірінші бесжылдық жоспар бойынша қарастырылған өнеркәсіптік гиганттарды құруы үшін шаруаларға төлеу мақсатымен большевиктер ауылдың квази-тоталдық ұжымдастыруын жүргізді, олардың өнімі тез өсуші жұмысшылардың контингенті мен шетелден машинаны сатып алуды қолдауға жұмсалуды тиіс болды. 1928 жылғы бесжылдық жоспар бойынша ірі механизацияланған мемлекеттік колхоздар құрылды. Оларда шаруалар өсіп келе жатқан өнеркәсіптің жұмысшы күші үшін азық-түлікті өндіру үшін өзара хабардар болып өмір сүруі керек еді. Колхоздарға қоныстануға қарсылық білдірген шаруалар фабрикалар, Сібірлік концентрациялық лагерьлер немесе негізсіз жазалауға жіберілді. Партияның бір ресми тұлғасы атап өткендей: «Шаруалар мен біздің режим арасындағы аяусыз күрес жалғасуда... Бұл миллиондаған адам өмірімен бағаланды, ал колхоз жүйесі өз өмір сүруін жалғастырды».

Сталин бес жылдық жоспарды қолдады. 1931 жылғы постерде «Бес жылдық жоспардың жеңісі – капитализмге қарсы соққы» деп ұрандайды. Сталин жаңа, коллективті экономиканың жоспарлы келешегіне қол жеткізу үшін миллиондаған адамды өлтіруге дайын болды.

1928 жылдан бастап, яғни өнеркәсіптің құрылысы басталған уақыттан бастап ел ішкі соғыс жағдайында болды, бірақ, енді жаулар кадеттер, эсерлер немесе монархияны қалпына келтірудің жақтастары болмады, индустриализация қарқыны мен пайдаланылған әдістерге қарсы шыққан «көрінбейтін» элементтер болды. Оларға тікелей түрде шаруалардың елеулі бөліктері – большевиктер «кулактар» деп атаған адамдар мен «орташалардың» бөлігі – «буржуазиялық мамандар» (Революцияға дейін білім алған техникалық мамандар), «бас партиялық линиядан алшақтағандар», әртүрлі күмән тудыратын «зиянкестер» мен т.б. Оларға әскери уақыттың заңдары бойынша қарым-қатынас болды: абақтылар, атып тастау мен жаппай айдаулар кеңестік қызметтің ажырамас бөлігіне айналды. Мемлекет жаппай аштық арқылы шаруалардың қарсылық көрсетуге деген барлық ұмтылысын тежеп тастап, оларға ең қатаң шаралар қолданды. Сырттай мемлекетке бес жылда көмір мен шойын өндірісін шамамен екі есеге және энергияны өндіруді үш есеге өсіру арқылы қомақты нәтижелерге жете алды. Бірақ баға аса жоғары болды: миллиондаған айдауға жіберіліп және аштықтан қырылғандар, ауылдың деморализациясы, ауыр өнеркәсіп тарапына қарай жасалынған ауыр тиген бетбұрыс, репрессивтік аппараттың күшеюі мен қоғамдағы соңғы плюрализм ошақтарын жою.

Сталин жекелеген мемлекетте социализмді құрып жатқан уақытта коммунизмді жақтаушылардың саны көбейді. КСРО-дан тыс елеулі коммунистік партиялардың біріне 1921 жылы құрылған Қытай Коммунистік Партиясы айналды. 1922 жылдан ол елдегі басқа саяси күш – Сунь Ятсеннің Гоминдан ұлттық партиясымен ынтымақтастыққа келді. Бірге бұл партиялар Юань Шикайдың өлімімен кейін «дюцзундар» деп аталған жекелеген «әскери билеушілердің» арасында бөліске түскен Қытайдың біртұтастығын қалпына келтіруді қолдады. 1926–1927 жж.



Гоминданның жаңа көшбасшысы Чан кайшимен басқарылған ұлтшылдар мен коммунистердің күштері елдің орталық пен солтүстік облыстарына жорықты ұйымдастырды. Бұл операциялардың нәтижесіне әскери диктаторларды талқандау мен Қытайды біріктіру болды. Дегенмен осы сәттілік Қытай коммунистік партиясы мен Гоминьдан арасындағы альянстың аяқталғандығын сипаттады: 1927 жылдың сәуірінде Чан Кайши коммунистердің ықпалының өсуінен қауіптеніп, партияны заңсыз деп жариялап, оларды жаппай қырып-жойды. Бірақ осы соққы арқылы барлық коммунистерден құтыла алмаған Гоминьдан басшысы жапондық шабуылмен күрделенген азаматтық соғысты мойындауға мәжбүр болды.

Коммунистер Еуропа да кеңінен қанат жайды, бірақ, мұндағы саяси маятник керісінше бағытқа жылжыды. Кеңестер елінен келген жиі жаңалықтардан бастау алған анти-большевизм, өзінің мүдделері кемсітілген ұлтшылдық, өркениеттік құлдырауды сезіну, билікке табыну мен демократияға ұлттық әлсіздіктің символы ретінде ұнатпай қарау – мұның барлығы кері бағыттаған интеллектуалдық пен техникалық өзгерістердің эффектілерімен бірге көптеген авторитарлық оңшыл партиялар пайда болуға негіз қалады. Дәстүрлі оңшылдар консерватор, монархистер, клерикалдар мен басқа да француз революциясының либералдық мұрасын сынаушыларға қарағанда жаңа оңшылдар өздерінің ұйымдастырған қозғалыстарының жаппайлылығымен ерекшеленді. Олар инклюзивтілікке ұмтылмай, өз тарапына қоғамның әр түрлі бөліктерін тартуға тырысты. Олардың саясаты әрбіріне өзін қатысушы ретінде сезінуге мүмкіндік беретін жетілген билік театрының үлгісі болып табылды. Бұл театралдық – уәде етілген ұлттық айбындылықты сахналай алу мүмкіндігі.

Италия «оңшыл революцияның» әрекетін бастан өткерген Еуропадағы мемлекеттердің біріншісіне айналды. Соғыстың аяқталуы итальяндықтардың үміттеріне сәйкес келмеді; Австриялық империяның қалдықтарынан қалған орташа аумақтар, елдің бастан өткерген құрбандықтар үшін компенсацияларын санау қиын болды. Соғыстың нәтижелеріне қанағаттанбауға экономикалық рецессиядан туындаған әлеуметтік тұрақсыздық қосылды. Кәсіподақтардың белсенділігінің артуы, демонстрациялар мен стачкалардан элита Итальяндық корольдікті жаңа кеңестік республикаға айналдыруы мүмкін большевизмнің белгілерін қорқынышпен байқады.

«Большевизмнен құтқарушы» рөлінде бұрынғы социалист, ардагер мен таланты журналист Бенито Муссолини шықты. Соғыстан кейін ол жаңа саяси ұйым – «Ұлттық фашистік партияның» басшылығына келіп, оның негізін өзі сияқты экспансия идеяларын қолдаған және либералдық минитрлерге сенбейтін соғыс ардагерлері құрады. Бұл партия бірден солшылдармен күресте өзінің тиімділігін көрсетті. Жауап ретінде 1922 жылдың қазанында король – яғни солтүстіктің либералдық өнеркәсіптік элитасы мен оңтүстіктің консервативтік жериеленушілері Муссолиниге пермьер-министр қызметін ұсынды.

Муссолни еш ойланбастан бірден келісті, бірақ ол театральдық «Римге маршты» ұйымдастырды. «Төтенше жағдай» атмосферасы оның пайдасына шешілді: уақытша шара ретінде қабылдаған Муссолини мен фашисты бес жылдың көлемінде Италиядағы парламентаризм элементтерін жойып, билікті монополиялады.

Оңшыл күштер 1922 жылы, журналист және жаңа фашистік партияның жетекшісі Бенито Муссолини Италия конституциялық монархиясының премьер-министрі болған уақытта, маңызды жеңіске қол жеткізді. Көптеген партиялар арасындағы парламенттік пікірталастар, күннен күнге өсіп бара жатқан инфляция және жұмыссыздықпен бірге, ең алдымен қалада оңшыл және солшыл жақтастарының арасындағы зорлық-зомбылыққа, одан кейін заң шығарушы органдардағы фашистік үстемдікке жол берді. Кейіннен Иль Дуче (Il Duce) (Көшбасшы) деген атпен белгілі болған Муссолини, демократиялық тәртіппен премьер-министр болды, алайда ол қоғамдық тәртіпті жоғарыдан мәжбүрледі. Миллиондаған итальяндар бұл «қойылымға» түрегеп тұрып қол соқты.

Харизмалық көшбасшы Муссолини халықтың көңіл күйі мен сезімін уысында ұстай білді. Бір рет премьер-министр ретінде сайланған ол, саяси оппозицияның қан-жынын ақтарып, жауларына қарсы құпия полицияны қолданды, жұмысшылар ереуілін заңсыз деп жариялап, 1926 жылға қарай диктатор ретінде өз мәртебесіне қол жеткізді.

Фашистер бірден өздерін революционерлер деп жариялады. Олардың идеалдары сөз жүзінде ұлттық айбындылық мақсатына бағынған қоғам болды. Мемлекетке ерекше рөл –



бір уақытта жобалаушы және атқарушы рөл берілді; ол қоғамдық еріктің концентрациясы мен халық мандатының тасымалдаушысына айналуы тиіс еді.

Фашистер жұмысшылар мен жұмыс берушілерді корпорацияларға біріктіру арқылы таптық күресті аяқтағанын мақтан тұтты. Іс жүзінде олар кәсіподақтардың бір бөлігіне тыйым салып, қалған партияларды билікке бағындыру арқылы жұмысшы қозғалысына тоқтата алды. Нәтижесінде фашистердің қызметі – өздернің фашистік революциясын жүргізу емес, Италияның қоғамды түртілмейтіндей етіп сақтау арқылы революциядан сақтандыру болып белгіленді.

Фашистердің елдегі әлеуметтік пен экономикалық жағдайды тұрақтандырудағы сәттілігі басқа да оңшыл авторитарлық қозғалыстардың әрекеттеріне дем берді. Италиядан басқа Венгрия, Португалия, Польша, Румыния, Балтық мемлекеттері 20-жылдары диктатура жолына түсті. 30-жылдардың дағдарыстары еуропалық авторитаризмның өсуіне әкеліп, бұл көптеген бақылаушыларға тарихи дамудың өткерілген сатысы ретінде демократия туралы айтуға мүмкіндік берді.

Оңшыл авторитарлық еуропалық режимдердің негізіне Ататүрк («түріктердің атасы») деп аталған Мұстафа Кемальдың кезіндегі Түркия айналды. Ол билікке 1918 жылы Осман империясының жеңілісі мен құлауынан кейінгі қайғылы жағдайлардан кейін келді. Севрде қол қойылған келісім Түркияны ықпал ету аймақтарына бөлінген ел ретінде, яғни іс жүзінде егемендіктен айырылған мемлекет ретінде қарастырды. Соғыс батыры Мұстафа Кемал ұлтшылдардың бытыраңқы күштерін біріктіре алды және талқандаушы соғыстан кейінгі Анатолияның үштен бір бөлігін алған грек әскерін қуып жібере алды. Осы және басқа да жеңістер (КСРО-мен бірге Арменияны бөлісу) Севр келісімшартын түбегейлі қайта қарауға сылтау болды. Одақтастар түріктерге барлық Кіші Азия мен шығыс Францияның бөлігін қалдырды, Түркия бұғаздар аумағынан кетіп, елдің экономикалық пен қаржы ресурстарын бақылаудан бас тартуы тиіс болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстағы түрік қаһарманы Мұстафа Кемал Ататүрік жаңа республиканың бас сәулетшісі ретінде пайда болды. Соғыстан кейінгі келісімшартқа сәйкес, бұрынғы империя, этникалық түріктердің негізгі тұрағы, Анадолыдағы шағын, жартылай тәуелсіз мемлекетке тарылды. Араб тілді Таяу Шығысты қоса есептегенде, патшалықтың қалған бөлігі бір саяси уағдаластық немесе басқасы Ұлыбритания, Франция, Италия немесе Грекияға берілді. Осындай кемсітерлік жағдайда Ататүрік («Түріктердің әкесі» деген мағына береді, кейін ол атпен белгілі болды) өзге әскери офицерлермен және қарсыласушы топтармен бірігіп, Осман сұлтанына қарсы және соғыс келісіміне бағынбау мақсатында көтеріліске шықты. 1920 жылдың көктемінде олар республикалық үкімет құрып, Ататүрікті президент етіп таңдады. Оның күштері Батыс Анадолыдағы грек әскерін тас-талқан етіп, ел астанасы Стамбұлды басып алды. Осындай жағдайда, Ұлыбритания мен Франция соғыстан кейінгі келісімді іс жүзінде қайта қарауды ойластырды. 1923 жылға қарай Еуропаның ірі державалары Түркияны тәуелсіз республика ретінде толық мойындады.

Іс жүзінде жаңа мемлекеттің диктаторына айналған Кемал өзінде бар ресурстарды Түркияның модернизациясы мен секуляризациясы үшін пайдаланды. Тіл, азаматтық құқық пен білім саласында реформалар жүргізілді. Этникалық азшылықтар олардың ұлттық ұмтылыстарына қайшы келсе де, «түріктер» деп жарияланды. Азаматтардың сыртқы бейнесі де өзгерді: ерлер мен әйелдерге заң бойынша өзінің сеніміне сәйкес батыстық киімді киюге рұқсат берілді. Осы арқылы кемалдық модернизация жаңа социализм игіліктеріне дайын кеңес адамын құруға бағытталған КСРО-дағы мәдени революциямен үндес болды.

Идеологиялық айырмашылықтарға қарамастан, фашизм, сталиндық индустриализация, мен Ататүріктің реформалары мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынастарындағы жаңа күштер балансы туралы куәландырды. Соғыспен шыныққан мемлекет өзінің соғысқа дейінгі жағдайына оралуға асықпады; олар жинақтаған дағдылар жаппай қоғамдық инженерия үшін пайдалануға мүмкін болды. Бұл жобалар өмірлік қажеттілік ретінде ұсынылды. Өйткені 1918 жылы аяқталған соғыс газеттердің бетінде, жетекшіліктің жоспарларында және репрессияларда өмір сүруін жалғастырды.



## Сұрақтар

1. Қысқа XX ғасыр деп қай кезеңді атайды?
2. Ғылым саласында қарастырылып отырған кезеңде қандай жаңашылдықтар ойлап табылды?
3. Жаңа экономикалық саясаттың мазмұнын ашып көрсетіңіз.
4. Сталин ұсынған Бірінші Бесжылдық жоспар бойынша қандай өзгерістер қарастырылды?
5. Қытайдағы социализмнің қалыптасуына тоқталыңыз.
6. Коммунизмнің Еуропада таралу ерекшеліктері қандай болды?
7. Түркиядағы авторитарлық режимнің таралуына тоқталыңыз.

## Әдебиеттер

1. Qiu Jin, «Preoccupation (Written while in Japan),» *Women Writers of Traditional China: An Anthology of Poetry and Criticism*, ed. Kang-I Sun Chang and Haun Saussy (Stanford, CA: Stanford University Press, 1999), 642–643.
2. Ian F. W. Beckett, *The Great War, 1914–1918*, 2nd ed. (London: Pearson Longman, 2007), 438.
3. Siegfried Sassoon, *Counter-Attack and Other Poems* (London: William Heinemann, 1918), 18.